

Мұсабаев С.Б.

3 курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sake_071086@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚ

Мақалада тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы мен оның халықаралық ұйымдарға мүше болуы және сол ұйым аясындағы еліміздің қызметі ашылады. Автор өз мақаласында алдымен қауіпсіздік саласындағы ұйымдардағы еліміздің қызметін ашуға көңіл бөледі. Атап айтқанда тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуының алғашқы жылдарынан басымдылық берілген ұйымдардың қатарында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын атап өтуге болады. Ұйым аясындағы еліміздің қызметі мен тың бастамаларының мәні ашылып, сондай-ақ осы мағынадағы Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы қызметі ашылады. Мақалада сондай-ақ еліміздің түрлі одақтармен арадағы әріптестік байланыстар орнатқандығы аталып өткен. Автор еліміз және НАТО арасындағы байланыстардың тарихымен қатар бағыттарына баға берді. Автор мақалада еліміздің сыртқы саясатында атқарылған жұмыстарды жүйелі көрсетіп, жеткен жетістіктерді саралауға талпыныс жасаған. Алынған нәтижелер халықаралық қатынастар, саясаттану, Отан тарихының жекелеген тақырыптарын ашуға көмектеседі.

Түйін сөздер: ұйым, мемлекеттілік, ЕҚЫҰ, БҰҰ, ШЫҰ, НАТО, сыртқы саясат, қауіпсіздік, саммит.

Musabayev S.B.

3-year doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sake_071086@mail.ru

Kazakhstan and the World Community

The article describes the history of the formation of an independent state of The article describes the history of the formation of the state of independent Kazakhstan and its membership in international organizations, as well as the activities of the country within the organization. In his article, the author draws attention to the country's activities in organizations in the field of security. In particular, the Organization for security and cooperation in Europe (OSCE) can be noted as an organization having priority at the beginning of the formation of the state property of independent Kazakhstan. Also, the essence of the activities and initiatives of our country within the framework of the organization will be revealed, including the activities of the Shanghai cooperation organization. The article also noted that the partnership relations with different unions. The author assesses the history and direction of development of relations between our country and NATO. The author systematically shows the work done in the foreign policy of the country, and analyzes its achievements. The results will help in the disclosure of individual topics on international relations, political science and Motherland history.

Key words: organization, statehood, OSCE, UN, SCO, NATO, foreign policy, security, summit.

Мусабаев С.Б.

докторант 3 курса, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: sake_071086@mail.ru

Казахстан и мировое сообщество

В статье описывается история формирования государственности независимого Казахстана и его членства в международных организациях, а также деятельности страны в рамках организаций в сфере безопасности. В частности, можно отметить Организацию по безопасности

и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ) как организации, имеющей приоритет в начале становления государственности независимого Казахстана. Также раскрыта суть деятельности и инициатив нашей страны в рамках организации, в том числе деятельность Шанхайской организации сотрудничества. В статье также отмечаются партнерские отношения с разными союзами. Автор дает оценку истории и направления развития отношений нашей страны и НАТО. Автор системно показывает проделанную работу во внешней политике страны и анализирует ее достижения. Полученные результаты помогут в раскрытии отдельных тем по международным отношениям, политологии и Отчечественной истории.

Ключевые слова: организация, государственность, ОБСЕ, ООН, ШОС, НАТО, внешняя политика, безопасность, саммит.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында еліміздің халықаралық саяси аренада беделді ұйымдармен арақатынасын реттеп, олармен тығыз қарым-қатынастар орнатуының маңызы жоғары. Өйткені егеменді ел ретінде дамудың маңызды бөлшегі ол әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалу болып табылары даусыз. Тәуелсіз ел болып жарияланған еліміз үшін егемендіктің алғашқы жылдарында тұрған маңызды мәселе әлемдік қауымдастықпен арадағы байланысты күшейту болып табылды. Мұндағы маңызды мақсат тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігін әлем алдында ашық әрі көп векторлы саясатқа негізделген достық ел ретінде таныту болған деп айтуға болады. Қазақстанның сыртқы саясаты Еуропа мен Азия арасындағы теңдікті сақтауға бағытталған көп векторлы сыртқы саясатты ұстанады (Султанов, 2008:89). Сөзсіз әлем елдерімен өзара тиімді әрі тығыз қарым-қатынас орнату өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды еңсерумен қатар, ұлттық қауіпсіздік мәселесін шешуде де маңызды болды.

Халықаралық ұйымдар және Қазақстан: тарихы, бастамалары мен қызметі

Қазақстан Республикасы үшін ХХ ғасырдың 70-ші жылдары Батыс пен Шығыстың ортақ мүдделерін біріктіретін тұғыр болған Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымына мүше болу маңызды саналды. Бұл міндет ұйымға мүше болған 48 елдің қолдауымен 1992 жылдың қаңтар айының 30 күні жүзеге асқан болатын. Ал 1999 жылы Алматы қаласында ЕҚЫҰ Орталығы ашылып, 2007 жылдың 21 маусымында ЕҚЫҰ-ның тұрақты Кеңесінің шешімімен Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығы болып ауыстырылған (Султанов, 2009:235). Жалпы Қазақстан мүше болған тұста аталмыш ұйым Еуропадағы қауіпсіздік

және ынтымақтастығы жөніндегі Кеңес деп аталған. Тек 1994 жылы ғана Будапешт саммитінде аталмыш ұйым бүгінгі атауына ие болғандығын ескеру қажет. Ұйымға мүше болған алғашқы жылдардан-ақ еліміз ұйым аясында Будапешт, Лиссабон, Стамбул саммиттеріне қатысып, тың бастамалар көтеріп келеді. Мысалы алғашқы қабылданған жылы өткен Хельсинки саммитінде Н.Ә. Назарбаев аймақтық даулар мен қақтығыстарды шешіп, бейбітшілікті сақтау үшін ұйымның арнайы күштерін құру туралы бастама көтерді. Осындай тың бастамалары мен белсенділігі нәтижесінде Лиссабон саммитіндегі алғашқы отырыс Қазақстанның төрағалығымен өткен болатын. Бұл тәжірибе сөзсіз еліміздің 2010 жылы ЕҚЫҰ төраға болуына жалғасты. Жалпы ұйым арасындағы қарым-қатынастардың 26 жылдық тарихында қандай бастамалар көтеріліп, жетістіктерге қол жеткізілді? Ұйым мен еліміз арасында 1998 жылы өзара түсіністік Меморандумына қол қойылып, әскери саладағы сенім мен қауіпсіздік шараларын нығайту бойынша Вена құжатының, қауіпсіздік саласындағы әріптестік форумының қатысушысы болып табылады. Жалпы нарықтық қатынас жағдайында қажетті реформалар жүргізу жөнінде ақпараттық алмасудан басталған ұйым арасындағы қарым-қатынас уақыт өте адам құқықтарын қорғауды жетілдіру мен сайлау заңдары мен сот жүйесін реформалау бойынша ірі жобалардың жүзеге асуына алып келді. Сонымен қатар терроризм, қақтығыстарды болдырмау, аймақтың экономикалық дамуы, экологиялық қауіпсіздік сынды маңызды мәселелерде әріптестікке қол жеткізілді (Шерьяданова, 2006:7-9). Әрине бұл ретте атап өтетін басты жайт ол сөзсіз еліміздің осы ұйымға 2010 жылы төраға болуы еді. Посткеңестік елдердің ішінен алғашқы болып, сенім, дәстүр, ашықтық пен толеранттылық ұғымын ұран еткен Астана саммиті аталған жылдың 1-2 желтоқсанында өтті. Нәтижесінде аймақтық және әлемдік қауіпсіздік, адам

құқықтарының үстемдігі сынды мәселелері шешімін тапты.

Жалпы мемлекеттіліктің қалыптасып, дамуы үшін қауіпсіздік мәселесі шешілуі тиіс. Сондықтан еліміз осы мәселедегі халықаралық ұйымдардың жұмысына белсенді қатысушысы болып табылады. Мысалы 1992 жылдан бастап Қазақстан мен НАТО арасындағы байланыстар орнықты. 1995 жылы «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасына қосылды. Ал бірігіп әскери іс-қимылдарды ұйымдастыру мақсатында 2002 жылдың 7 маусымында Жоспарлау және талдау үдерісіне қосылды (Байзакова). Қауіпсіздік мәселесінде НАТО мен Қазақстан арасындағы байланыстар нәтижесінде әскери реформалар мен нақты тәжірибе алмасу бойынша әріптестікті бір ретке келтірілді.

Мұндай әлемдік ұйымдардың арасында еліміз тығыз қарым-қатынас орнатқан ұйымдардың қатарында еліміз Шанхай ынтымақтастық ұйымына үлкен мән береді. Қытай, Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Өзбекстан басшыларының бастамасымен 2001 жылы құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы 1996-1997 жылдардан бері аталған алғашқы бес мемлекеттің өзара келісімімен жұмыс істеп бастаған. Ал Өзбекстан аймақтық қауіпсіздік пен геосаяси жағдайға сай өзара достық қарым-қатынасты сақтауға бағытталған ұйымға 2001 жылы мүше болған еді (Зимонин, 2008:202.). Шанхай ынтымақтастық ұйымы әскери сипаттағы ұйым болып табылмайды. Еліміздің аталған ұйымға кіруге мақсаты аймақтағы тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономика саласындағы әріптестікті күшейте отырып, аймақтағы терроризм мен экстремизмге қарсы бірлесіп күресу болып табылады. Ұйымның саммиті мүше елдерде ұйымдастырылып, ортақ мәмілелер жасалуда. Шанхай ынтымақтастық ұйымы БҰҰ мойындаған беделді ұйым. Еліміздің аталған ұйымға мүше болып, оның жұмыстарына белсенді атсалысуы алдымен ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен ұштасып жатыр. Қазақстанның ұйым аясындағы қызметі Ресей мен Қытай сынды қуатты мемлекеттермен көршілес геосаяси жағдайында сыртқы саясатындағы тұрақтылықты, ұлттық қауіпсіздікті сақтау мәселелері тұрғысынан келгенде аса өзекті болып табылады.

Жалпы мемлекеттіліктің баяндылығы жолында ұлттық қауіпсіздік, сыртқы саясаттағы тұрақтылық пен аймақаралық даулардың бейбіт жолымен шешілуі аса маңызды. Осы тұрғысынан келгенде тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы сыртқы факторлармен де ұштасып

жатыр. Осы тұрғысынан келгенде достық қарым-қатынастарды сақтауды мақсат еткен ұйымдардың жұмысына белсене атсалысып, өзіндік ұстанымдарын білдіру еліміз үшін аса маңызды. Осындай Қазақстан белсенділігімен танылған ұйымдардың ішінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы да бар. Аталмыш ұйымның жұмысы 1992 жылдың 15 мамырынан бастау алады. Осы жылдағы Ташкенттегі ұжымдық қауіпсіздік шартына Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Армения қол қойып, кейіннен ұйымға Әзірбайжан, Белоруссия мен Грузия мүше болған еді (Гусаковский, 2015:192). Демек еліміз осындай посткеңестік елдер мүше болып табылатын ұйымға кіре отырып, аймақтық мәселелерді бейбіт және келісім арқылы шешу мүмкіндігіне ие болып отыр. Өзінің аймақтағы экономикалық тұрғыдан дамығандығы мен әскери құрылымдарындағы артықшылығы елімізді осы ұйымдағы беделді мемлекетке айналдырып отыр. Жалпы осы ұйым ғана емес, посткеңестік кеңістікте еліміз аймақтық мәселелердің бейбіт шешілуіндегі интеграциялық үдерістерді белсенді жүргізіп келеді. Осы мақсатты алдына қойған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Қазақстанның сыртқы саясатындағы басымдылыққа ие ұйым болып табылады. Мұндай сыртқы саясаттың басымдылыққа ие жұмыстарының қатарында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі де бар. 1992 жылдың қазанында Кеңесті шақыру идеясы Біріккен ұлттар ұйымының 47 сессиясында көтерілген болатын (Тумыш, 2014:70). Саяси, әскери, экономикалық, гуманитарлық салада өзара тиімді арақатынастарды қалыптастыруды көздеген Кеңес жұмысы да аймақтағы мәселелерге халықаралық қауымдастықтың назарын аударып, оны шешуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға мүше болып, әріптестік танытуы алдымен ұлттық қауіпсіздік, экономикалық және әлеуметтік мәселелер десек, одан бөлек аймақтағы тыныштық пен экологиялық мәселелер, кедейшілік, жұмыссыздық, терроризм, заңсыз миграция және тағы да басқа өзекті мәселелерді бейбіт шешу болып табылады. Сөзсіз мұндай маңызды мәселелер бір елдің ғана емес, ұйым аясындағы бірнеше мемлекеттердің күшімен шешілері анық. Сондықтан Қазақстанның халықаралық ұйымдар аясындағы қызметі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты болып

табылады. Мысалы 2007 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халқына Жолдауында «Бүгін біз басқа елдермен көкейкесті проблемалардың кең ауқымын шешуде ынтымақтасып отырмыз. Бұл энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету де, өмірлік маңызы бар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу де, лаңкестікпен күрес те, індеттер мен экологиялық апаттарға қарсы күрес те. Біз алдағы уақытта да өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретіндегі өзіміздің рөліміз бен беделімізді нығайта беретін боламыз» деген болатын (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_). Бұл дегеніміз халықаралық ұйымдардың жұмысына белсенді атсалысудың маңыздылығын білдіреді.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында маңызды шешімдердің бірі халқымыздың рухани өмірімен ұштасып жатқан әрі мемлекетті құраушы қазақ халқының сеніміне жақын 2011 жылға дейін Ислам конференциясы ұйымы деп аталып келген Ислам әріптестік (ынтымақтастық) ұйымының да алар орны ерекше. Аталмыш ұйым 1969 жылы мұсылман елдері басшыларының Мароккода өткен конференциясы барысында құрылған болатын. Әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелердегі ислами ынтымақтастық пен тілектестік ниетінен туындаған ұйым жұмысы нәсілшілдік пен отаршылдыққа қарсы бағытталған. Ұйым тек ислами мүдделер ғана емес, ғаламдық қауіпсіздік мақсатында өркениеттер, мәдениет пен діндер арасындағы диалог және достық қарым-қатынастар мен өзара сыйластықты қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ мемлекеттердің территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін сыйлау, сақтау және қорғауды да мақсат етеді. Ең бастысы мүше мемлекеттер арасындағы бауырластық жақсартумен қатар, әділеттілікке негізделген мемлекетаралық байланыстарды күшейту бағыты болып табылады (<https://zakon.uchet.kz/rus/docs/Z1200000570>). Бұл ұйымға еліміз 1995 жылдан бері мүше болып келеді. Ал 2011 жылы еліміз аталмыш ұйымға төрағалық етіп, мұсылман мемлекеттері ғана емес, әлем алдында халықаралық мәселелерді шешу ісінде қауқарлы ел ретінде көрсетті. Осы күнге дейін әлемдік және дәстүрлі діндердің жиынын өткізіп, халықаралық саяси кеңістікте тыныштық пен қауіпсіздік қамтамасыз ету талпыныстары елімізді осы істе бастамашыл-көшбасшы ретінде мойындатқан болатын. Ислам әріптестік ұйымының сыртқы істер министрлері Кеңесінің 38-ші сессиясында Елба-

сы Н.Ә. Назарбаевтың «өзара қақтығысудың орнына барынша мұсылман және христиан әлемі ашық әрі әділетті келіссөздер жүргізу керек» деген сөздері жалпы төрағалық етудегі жұмыстың бағытын анықтады (Азильханов, 2014:29).

Сөзсіз еліміздің тәуелсіз мемлекет болып орныққан тұста басымдылық берген бірқатар ұйымдарға мүше болмаса да, сол ұйымдармен достық, әріптестік байланыстарды жыл өткен сайын күшейтуде. Мұндай ұйымдардың қатарында Еуропалық Одақты атап өтуге болады. Негізінен Еуропадағы беделді ұйым мен еліміз арасындағы байланыстар тарихын 1991 жылдан бастауға болады. Олай дейтініміз ТМД құрамындағы елдердің тәуелсіздігін ЕО мүше мемлекеттердің мойындауы осы жылға тұспа-тұс келеді. Дегенмен ЕуроОдақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы әріптестік байланыстарды заңдастырған құжат 1995 жылы қабылданып, 1999 жылы заңдық күшіне ие болған (Байзакова, 2013:56). Ұйыммен арадағы әріптестік әсіресе демократия мен экономика саласы, сонымен қатар адам құқықтарын қорғау, білім мен энергетика, көлік саласындағы байланыстарды күшейтуге бағытталған. Шартты түрде өзара тиімді әріптестік алғашқы жылдары сауда мен инвестиция, демократиялық институттарды дамыту саласын қамтыса, 2002 жылдан бастап энергетика, көлік, қауіпсіздік мәселелерінде көпжақты бірлесіп жұмыс жасау бағыттары байқалады. Сөзсіз еліміз өзінің тұрақты дамуында еуропалық үлгіні өзіне басымдылық етіп таңдап алған. Оның дәлелі 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты 20018 жылдың 7 ақпанындағы Қазақстан халқына арналған Жолдауында осы бағдарлама турасында «Ол экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, басқарудың тәжірибесі мен технологиясын тартуға, заңдарымызды жетілдіруге, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміздің стратегиялық пайымын және өзіміздің күн тәртібімізді белгілеуге ықпал етуге тиіс» деген болатын (http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080002008_). Рас, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің жоғарыда аталған мәселелерде, сонымен қатар ғылыми-техникалық жетістіктер, ХХІ ғасырда маңызды болып отырған терроризм, экстремизм сынды өзекті мәселелерді шешуде жетерлік тәжірибелері бар. Сондықтан аталған мәселелерді шешу жолында еліміздің

осы ұйыммен арадағы әріптестік байланыстарды дамыта түсуі маңызды саяси ұстанымдардың бірі болып табылады. Ескеретін жайт Еуро Одақпен әріптестікті күшейту әлемдік экономикаға сәтті үйлесуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Сөзсіз алғашқы жылдардағы халықаралық ұйымдардың еліміздегі демократиялық институттардың қалыптасуы мен саяси үдерістерге қатысты пікірлері нақты қадамдарға ұласты. Бұл еліміздің демократиялық бағыттағы саяси реформаларды жүргізіп, осы мәселеде еліміздің беделге ие болуы соның айқын дәлелі. Демек тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында халықаралық ұйымдар мен еліміз арасындағы әріптестік саласында төмендегідей жетістіктерге қол жеткіздік деп айта аламыз:

– Саяси-экономикалық, әскери, гуманитарлық, мәдениет және тағы да басқа салаларда халықаралық ұйымдармен тығыз әріптестік байланыстар орнатылды;

– Халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, тұрақты даму кепілі болатын тиісті құжаттар мен бағдарламалар қабылданды;

– Біріккен іс-қимылдар жоспарлары жасалып, стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда нақты іс-шаралар ұйымдастырылды;

– Мемлекеттер арасында достық қарым-қатынастар, қоғамның маңызды мәселелерінде бірігіп даму тетіктері мен жағдайлары пайда болды.

Сөзсіз бұл жіктелген шартты нәтижелер тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихында алар орны ерекше және осы бағыттағы жұмыстардың одан әрі жүйелі жүргізілуі мемлекеттіліктің баяндылығының нақты кепілі деп тұжырымдай аламыз.

Әдебиеттер

Султанов Б.К. (2008). Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан. 314 с.

Султанов Б.К. (2009). Казахстан и ОБСЕ. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан. 288 с

Шерьязданова К. (2006). Казахстан-ОБСЕ: приоритеты, проблемы, перспективы. *Analytic*, №5, с. 198

Байзакова К.И. (2006). Сотрудничество Казахстана с НАТО в контексте региональной безопасности. Концепция и подходы к региональной безопасности: опыт, проблемы и перспективы взаимодействия в Центральной Азии. Алматы. с. 277

Зимонин В.П. (2008). Шанхайская организация сотрудничества и евразийское измерение безопасности. Шанхайская организация сотрудничества к новым рубежам развития: Материалы круглого стола. Москва: Институт ДВ РАН. с. 487.

Гусаковский А.В. (2015). Современные военно-политические проблемы организации Договора о коллективной безопасности. *Проблемы безопасности российского общества*. №2, с. 192-195.

Тумыш К.К. (2014). Совещание по взаимодействию и мерам доверия в Азии: от зарождения идеи к новым горизонтам безопасности и развития континента. *Құқық және мемлекет*. №2(63), с. 106

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. 2007 жылдың 28 ақпанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Электрондық ресурс: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_ (Қаралған күні: 15.06.2018)

Байзакова К.И. (2013). Республика Казахстан и Европейский Союз: сотрудничество в области региональной безопасности. *Вестник КазНУ. Серия международных отношения и международного право*. №2(62). с. 56-61

Азильханов М.А (2014). Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев о межконфессиональном согласии, толерантности и религии. *Специальный выпуск*. Астана: МЦКР. с. 37

http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080002008_ (Қаралған күні: 15.06.2018)

References

Sultanov B.K. (2008). Kazakhstan in modern world: realities and prospects [Kazakhstan in the modern world: realities and prospects]. *Almaty: KISI pri Prezidente Respubliki Kazakhstan*. 314 s.

Sultanov B.K. (2009). Kazakhstan and the OSCE [Kazakhstan and the OSCE]. *Almaty: KISI pri Prezidente Respubliki Kazakhstan*. 288 s.

Sheriazdanova K. (2006). Kazakhstan-OSCE: priorities, problems, prospects [Kazakhstan-OSCE: priorities, problems, prospects]. *Analytic*, №5, s. 198

Baizakova K.I. (2006). Cooperation of Kazakhstan with NATO in the context of regional security: experience, problems and prospects of cooperation in Central Asia [Kazakhstan's cooperation with NATO in the context of regional security: experience, problems and prospects of cooperation in Central Asia]. *Almaty*. s. 277

Zimonin V.P (2008). Shanhaiskaia orgaizacia sotrudnichestva I evraziiskoe izmerenie bezopasnosti. Shanhaiskaia orgaizacia sotrudnichestva k novim rubejam razvitiia: Maetriali kruglogo stola [The Shanghai cooperation organization and the Eurasian security dimension. Shanghai cooperation organization to new frontiers of development: Materials of the round table]. Moskva: Institut DV RAN. s. 487.

Gusakovskii A.V. (2015). Sovremennie voenno-politicheskie problem organizacii Dogovora o kollektivnoi bezopasnosti. Problemi bezopasnosti rossiiskogo obshestvo [Modern military and political problems of the collective security Treaty organization. Security problems of Russian society]. №2, s 192-195.

Tumish K.K. (2014). Soveshanie po vzaimodeistviu I meram doveria v Azii: ot zarojdenie idei k novim gorizontam bezopasnosti I razvitiia kontinenta [Meeting on interaction and confidence-building measures in Asia: from the idea to new horizons for security and development of the continent]. Kukik jane memleket. №2(63), s. 106

Jana alemdegi jana Kazakhstan. 2007 jildin 28 akpanindagi Kazakstan Respublikasi Prezidentinin Kazakstanhalkina Joldauı [New Kazakhstan in the new world. Message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan dated February 28, 2007]. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_\(Date: 15.06.2018\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007_(Date: 15.06.2018))

Baizakova K.I. (2013). Respublika Kazakhstan i Evropeiskii Soiuz: sotrudnichestvo v oblasti regionalnoi bezopasnosti [The Republic of Kazakhstan and the European Union: cooperation in the field of regional security]. Vestnik KazNU. Seria mejdunarodnih otnoshenii I mejdunarodnogo pravo. №2(62). s. 56-61

Azilchanov M.A (2014). Prezident Respubliki Kazakhstan Nursultan Nazarbayev o mejkonnessionalnoi soglasii, tolerantnosti I religii [President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev on interfaith harmony, tolerance and religion]. Spetsialni vypusk. Astana: MCKR. s. 37

[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080002008_\(Date: 15.06.2018\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080002008_(Date: 15.06.2018))